

2-тапсырма. «Өнеркәсіптің құрылымы» деген мәтінді оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Өнеркәсіптің жіктелуі қандай?
2. Өнеркәсіптердің орналастыру факторлары анықтап, сипаттаңыз.
3. Шикізаттық және астаналық фактордың айырмашылығы неде?

Өнеркәсіптің құрылымы

Өндіретін өнімнің, пайдаланатын шикізаттың немесе технологияның ұқсастығына байланысты кәсіпорындар салаларға бірігеді. Өнеркәсіпте негізінен өндіріс құрал-жабдықтарын шығаратын (отын, металл, машиналар мен құрал-саймандар): энергетика, металлургия, машина жасау және т.б. басты рөл атқарады. Оларды ауыр өнеркәсіп деп атайды («А» тобы). Әсіресе, маңыздылары машина жасау (онда жаңа машиналар мен құрал-саймандар жасалады), химия өнеркәсібі (жаңа материалдар) және электр энергетикасы. Олар экономиканың барлық салаларындағы ғылыми-техникалық прогресті анықтайды, сол үшін оларға салалардың «авангардтық үштігі» деген «атақ» берілген. Халық тұтынатын тауарларды өндіретін салаларды (азық-түлік, киім, аяқ киім), «Б» тобына жатқызады. Онда тамақ және жеңіл өнеркәсіптері ерекше орында. Қазақстандағы жалпы өнім өндіру көлеміндегі «А» тобының үлесі 80% -ға жетті. «Б» тобы одан едәуір артта.

Өнеркәсіп орналасу заңдылықтары.

1. аймақтың және бүкіл елдің мүддесіне сай пайдаланылатын ресурсы бар, барлық жерлерде;
2. шикізат көзіне, отынға, энергияға, ғылыми орталықтарға, еңбек ресурсына және өнімді тұтынушыларға жақын жерлерде (бұл адамдардың еңбегін, материалдық ресурстар мен уақытты үнемдейді);
3. қоршаған ортаны қорғау талаптарын және шет елдермен қарым-қатынас жағдайын есепке ала отырып;
4. еңбек өнімділігін көтеретін өндірісті шоғырландырудың, мамандандырудың, кооперативтендірудің, құрамдастырудың және аумақтық-өндірісті үйлестірудің (кешендердің) артықшылықтарын пайдалана отырып орналастырылады.

Өнеркәсіп өндірісі құрылымы жағынан ғана емес, ұйымдасуы және орналасуы жөнінен де күрделі жүйе болып табылады. Өнеркәсіптің орналасуына әсер ететін факторлар ел экономикасының даму жағдайына сәйкес ұдайы өзгеріске түсіп отырады. Бұл әсіресе өңдеуші өнеркәсіптің орналасуынан айқын көрінеді. Өнеркәсіптің жаңа салаларын орналастыруда еңбек ресурстарының сапалық көрсеткіштері (білім және кәсіби деңгейі), көлік, байланыс, экологиялық жағдай, ғылыми-техникалық әлеует шешуші рөл атқарады. Өнеркәсіптің байырғы және жаңа салалары ірі өнеркәсіпті аудандардың қалыптасуына ықпал етті. Алғашқы өнеркәсіпті аудандар (Орта Англия, Рур, Силезия, Орталық Ресей, Орал) көмір алаптары мен металлургия, тоқыма өндірісі негізінде қалыптасты. Жаңа өнеркәсіпті аудандар өндірістің күрделі сипатымен және оның орналасуына ықпал ететін факторлардың жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Дамыған елдерде ескі өнеркәсіпті аудандардың еңбек ресурстары мен дамыған инфрақұрылымы негізінде жаңа аудандардың қалыптасуы байқалады. Өнеркәсіптің орналасуына «астаналық» фактор да әсер етеді. Жаңа индустриялық аудандар өнеркәсіптің ел астанасы мен ірі қалаларының маңында шоғырлануынан пайда болуда. Мұндай аудандарда ғылымды көп қажет ететін ең жаңа өндірісті іске қосуға мүмкіндік бар, сонымен қатар өндірілетін өнім ірі тұтыну көзіне де бағдарланады.

Қазіргі заманғы кәсіпорындар салық жеңілдіктері бар еркін экономикалық зоналарда және шекаралық аудандарда көбірек орналасады, бұл аумақтарда халықаралық экономикалық аудандар да қалыптасуда. Өнеркәсіптің теңіз жағалауларына «ығысуы» да байқалады. Соның нәтижесінде кейбір портты қалалар маңында сырттан әкелінетін шикізатты бастапқы өндеуден өткізетін ірі өнеркәсіптік кешендер пайда болған.

1- тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Қай елдер территорияларының басым бөлігін ауыл шаруашылық жерлер алып жатыр, ал қай елдерде – аз?
2. Азия елдерінің басты өсірілетін дақылдары қандай?
3. Күріш өсіру қай елдерде дамыған?
4. Бидай өсіру қай елдерде таралған?
5. Азияда мал шаруашылығының қандай салалары дамыған?
6. Неліктен Үндістанда сиырларды тек қана жүк тасымалдау үшін пайдаланады?

Азия елдерінің ауыл шаруашылығы

Шетелдік Азия елдерінің көпшілік елдерінің экономикаларының басты саласы ауыл шаруашылығы болып табылады. Бұл салада халықтың басым бөлігі қызмет етеді. Аймақтың ауылшаруашылық таралған жерлерінің ауқымы (занимаемая площадь) бірдей емес. Бангладеште жалпы жер ауданының 70%, Үндістанда 50%-дан астам. Ең төменгі көрсеткіш 10-15%, Қытайда, Ауғанстанда, Иорданияда, Иранда. Азияның шаруаларының (крестиане) басым бөлігінде жер аз немесе мүлдем жоқ. Азияның құрғақшылық (засушливый) аймақтарында экстенсивті егіншілік (земледелие) басым. Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияның суландырылатын (орошаемые) жерлерінде интенсивті егіншілік дамыған. Аймақ (регион) елдерінде әлемдік шай, жұт, табиғи каучуктың басым бөлігі (подавляющая часть) өсіріледі. Ол Азияның негізгі экспорттық тауарлары. Бұл жерде мақта (Үндістан, Пәкістан, Түркия), қант құрағы (сахарный тростник) (Үндістан, Қытай, Филиппин) тәрізді техникалық өсімдіктер; арахис, рапс, күнжіт (кунжут), майкене (клещевина) (Үндістан, Қытай, КХДР), соя (Қытай, КХДР), зәйтүн (Түркия, Сирия) таралған. Азия копра (кокостың дәні – зерно), тропикалық және субтропикалық жемістер, әр түрлі дәмдеуіштер (специи) (Үндістан, Малайзия, Шри-Ланка, Индонезия) өсіру бойынша дүние жүзінде алдыңғы орындарды алады.

Азияның басты мәдени өсімдігі – күріш (дүниежүзілік өндірудің 90 %-дан астамы). Аймақтың көптеген елдерінде күріш жалпы егілетін (засеиваемый) жерлердің 50% жерін алып жатыр. Күрішті өсіру бойынша 1-орынды Қытай (190 млн т.), 2-орынды – Үндістан (110 млн т.) алып жатыр. Күрішті өсіру Индонезия, Бангладеш, Тайланд, Мьяма елдерінде де жоғары деңгейде.

Азияның маңызы бойынша екінші дәнді дақыл (зерновая культура) – бидай. Аймақ оның әлемдік өндірісінің шамамен 20%-ын береді. Бидайдың ірі өндірушілері (производители) – Қытай, Үндістан, Түркия, Пәкістан, Сауд Арабиясы.

Аймақтың маңызды дәнді дақылдың бірі – жүгері (кукуруза) (Үндістан, Индонезия, Филиппин), арпа (ячмень) (Үндістан, Түркия, Иран). Маңызды мәдени өсімдіктерге сонымен бірге тарытекес (просяные) және бұршақтекес (бобовые) өсімдіктер жатады.

Азиядағы мал шаруашылығы басқа дүние бөліктеріне қарағанда төмен. Егіншілікті табиғи жағдайларына байланысты дамыту мүмкіндігі жоқ аудандарда (шөл, шөлейт, таулы аймақтар) адамдардың басты шаруашылығы ертеден бері (издавна) көшпенді (кочевой) типтегі мал шаруашылығы болған. Бұл аудандарда қой өсіру дамыған. Сонымен бірге түйелерді өсіреді. Биік таулы аймақтарда (мысалы, Гималай) яктар мен цзолар (як пен сиыр гибриді), ешкілер өсіріледі. Жайылымдық (пастбищное) мал шаруашылығы экстенсивті.

Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияның тығыз қоныстанған аймақтарында мал саны көп емес. Бұл аудандарға ірі қара мал (крупнорогатый скот) өсіру тән, ал мұсылман діні таралмаған елдерде – шошқа өсіру – Қытай, Вьетнам, Корея, Жапония. Үндістанда ірі қара саны көп болса да (200 млн бас), оны тек қана жүк тасымалдау (перевозка груза) пайдаланады. Жүк тасымалдау үшін Азияда сонымен бірге қолға үйретілген (прирученные) пілдерді (слон) Оңтүстік-Батыс Азияда – түйелерді, есек (осел) және жылқыларды пайдаланады. Соңғы уақытта фермаларды түйеқұстарды (страусы) өсіру кең таралған.

Дерек көзі: <https://geographyofrussia.com/aziya-obshhaya-xarakteristika-selskogo-xozyajstva/>